

1943 жылдан  
басылымда  
(6198)  
14 наурыз  
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

# ОТАН САҚШУСЫ

АҚЖОЛТАЙ ХАБАР

11



ШЕКАРА  
ҚЫЗМЕТІНІҢ  
МЫЗҒЫМАС  
ТІРЕГІ

3




ШЕКАРАШЫЛАР-  
МЕН ӨТКЕН  
БІР КҮН

9



ҚАЙЫРЫМ-  
ДЫЛЫҚ ТА  
ҚАСИЕТТІ  
ПАРЫЗ

10



## ШЕКАРАШЫЛАР – СУПЕРКУБОКТЫҢ АЛҒАШҚЫ ИЕГЕРІ

ҰҚК спартакиадасының жоспарына сәйкес биыл 5 ақпан мен 18 наурыз аралығында Астана қаласындағы «Арыстан» спорт кешенінде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бөлімшелері арасында шағын футболдан ҰҚК Төрағасының кубогына арналған дәстүрлі турнир өтті.

Аталған жарысқа «ҰҚК Шекара қызметі» РММ мен «Астана» шекаралық бақылау басқармасы әскери қызметшілерінен жасақталған құрама команда қатысып, жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, тартысты ойындар арқылы жанкүйерлердің ерекше ықыласына бөленді.

Жыл сайын ұйымдастырылатын бұл дода биыл өзгеше форматта өтті. Командалар екі лигаға бөлініп, бірінші лигада 16 команда төрт топқа жіктеліп өнер көрсетсе, екінші лигада 8 ұжым бақ сынады. Топтық кезеңде жасыл жейделі шекарашылар 2-қызмет пен 3-қызметтің командаларын сенімді түрде жеңіп, «А» арнаулы мақсаттағы қызметінің командасымен тең ойнап, келесі кезеңге жолдама алды.

Ширек финалда 8-департаменттің командасын айқын басымдықпен жеңген шекарашылар жартылай финалда 6-қыз-

меттің ұжымынан да басым түсіп, финалға жолдама иеленді. Финалдық кездесуде команда ҰҚК Үкіметтік байланыс қызметінің құрамасымен кездесіп, өте тартысты өткен ойында 3:2 есебімен қарсыласына жол беріп, турнирдің күміс жүлдегері атанды.

Дегенмен, биыл алғаш рет ұйымдастырылған ҰҚК Төрағасының Суперкубогы жарысы шекарашылар үшін тарихи сәтке айналды. Суперкубок үшін бірінші және екінші лигада финалға шыққан төрт команда өзара бақ сынады. Жартылай финалда шекарашылар ҰҚК Төрағасы аппараты командасынан 0:2 есебімен ұтылып жатып, табандылық пен жігер танытып, матч тағдырын 3:2 есебімен өз пайдасына шешті.

Ал финалда тағы да Үкіметтік байланыс қызметінің командасымен жолдары түйісті. Негізгі уақытта тартысты ойын 3:3

есебімен тең аяқталып, жеңімпаз пенальти сериясында анықталды. Шекарашылар бұл сәтте де шеберлік пен сабырлық танытып, қарсыласынан басым түсіп, Суперкубоктың алғашқы иегері атанды. Осылайша, команда турнир тарихына өз есімін алтын еріппен жазды.

Турнир қорытындысы бойынша Шекара қызметінің командасы 23 команда арасында жалпы есепте бірінші орынды иеленді. Екінші орын ҰҚК Сыртқы барлау қызметінің командасына бұйырса, үшінші орынды ҰҚК Аппаратының құрамасы қанағат тұтты.

Турнир барысында «Астана» шекара басқармасының ойыншысы Темірлан Марат ерекше ойын өрнегін көрсетіп, жарыстың «Үздік ойыншысы» атанды.

Жарыс қорытындысы бойынша команда мүшелеріне кубоктар, медальдар мен грамоталар табысталды. Сонымен қатар,

ойыншылар ҰҚК Төрағасының құқығымен ақшалай сыйақымен де марапатталатын болады.

Бұл жетістік – ең алдымен шекарашыларға тән темірдей тәртіптің, командалық бірліктің, рухты мінез бен қажырлы еңбектің нәтижесі. Сондай-ақ «FC SHEKARA» командасының «LLF ASTANA» әуесқойлар лигасына тұрақты түрде қатысуы да ойыншылардың тәжірибесін шыңдап, осындай биік белестерді бағындыруға үлкен серпін бергені анық.

Команданың ұраны – «Күшіміз – бірлікте!». Бірлік бар жерде жеңіс бар. Ендеше шекарашылардың жеңісті жолы жалғасын таба берсін.

Лейтенант  
Д. ЖАМУХАМБЕТОВ,  
«OS-ЧР». Суреттерді  
түсірген қатардағы  
А. НҮКЕШОВ.



## АДАЛ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДА

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы «Қорғас» шекара бөлімшесі - ел тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің маңызды кепілі. Жауапты міндет атқарып келе жатқан әскери ұжым облыстың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Қорғас ауылында орналасқан.



Маңызды аумақта орналасқан бөлімше жеке құрамы тәуліктің барлық уақытында мемлекеттік шекараны күзетіп, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда бөлімшені капитан Нұрсұлтан Саттарханов басқарады. ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясын тәмамдағаннан кейін жас офицер ретінде түрлі шекара бөлімшелерінде қызмет атқарып, тәжірибе жинақтады. «Ынталы», «Басқұншы», «Алмалысу» және «Арасан» шекара бөлімшелерінде жауапты лауазымдарда қызмет атқарған ол, 2025 жылдан бастап «Қорғас» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды. Өзінің адал қызметі, тәртіптілігі және жауынгерлік міндеттерді жоғары деңгейде орындағаны үшін ол Шекара қызметінің басшылығы тарапынан алғысқа ие болған.

Бөлімше бастығының орынбасары аға лейтенант Санат Абеуов шекара қызметінде 2018 жылдан бері қызмет етеді. Ол да ҚР ҰҚК Шекара академиясының түлегі. Қызмет барысында жауапкершілігі мен кәсібилігін көрсетіп, шекараны күзету ісіне лайықты үлес қосуда. Ал тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары аға лейтенант Бақдәулет Маратұлы жеке құрамның моральдық-психологиялық дайындығын нығайтуға үлкен көңіл бөліп келеді.

«Қорғас» шекара бөлімшесінің жеке құрамы тек шекараны күзетіп қана қоймай, жауынгерлік дайындықта да жоғары нәтижелерге қол жеткізуде. Сонымен қатар 2019, 2020 және 2025 жылдары қызметтік-жауынгерлік іс-қимыл қорытындысы бойынша үздік нәтижелер көрсетіп, бірінші орын алған. Бұл жетістіктер бөлімшенің жоғары кәсіби дайындығын айқындайды.

Шекараны күзету барысында бөлімше әскери қызметшілері қырағылық танытып, мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған адамдарды дер кезінде ұстап отырған. Мәселен, 2012 жылы қыркүйек айында және сол жылы тағы бір оқиға кезінде шекара бұзушылар ұсталды. Кейінгі жылдары да мұндай құқық бұзушылықтарға тосқауыл қойылып отырды. 2018 жылы және 2025 жылы да шекара бұзуға әрекет жасаған тұлғалар ұсталып, заң талаптарына сәйкес шаралар қолданылды. Бұл фактілер шекаралық қызметтің тәулік бойы қырағы қызмет атқаратынын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, «Қорғас» шекара бөлімшесінің жеке құрамы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету жолында адал қызмет атқарып келеді. Олардың қырағылығы мен кәсібилігі – ел тыныштығы мен қауіпсіздігінің кепілі.

Подполковник **М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет шекара бөлімшесінен.

## ШЫҢДАР АРАСЫНДАҒЫ ШЕКАРА ТЫНЫСЫ

Таңғы самал етекке сырғып, көкжиек бозғылт нұрға оранған сәтте-ақ бұл бөлімшенің тынысы тіпті айқын сезіледі: бекет алдына сап түзеген жасақ, байланыс құралдарының сыңғыры, кезекшілікті қабылдау рәсімі. Күн сайынғы осы тәртіп – шекара тыныштығы мен ел амандығының кепілі. Бөлімшеге басшылық ететін бөлімше бастығы аға лейтенант Сырым Матай. Оның талапшыл әрі байсалды басшылығы ұжымның ұйымшылдығын арттырып, қызметтің жүйелі жүргізілуіне серпін беріп келеді.

Бөлімшенің жауапкершілік аймағы – табиғаты күрделі, мінезі құбылмалы тау бөктері. Мұнда әр жыра мен өткелдің өз сыры бар. Аумақ бойында инженерлік бөгеттер, шекара белгілері мен ескерту таңбалары рет-ретімен күтіп ұсталады. Бейнебақылау камералары, жылу көру құралдары, навигациялық құрылғылар – бәрі де бір мақсатқа жұмыс істейді: заңсыз әрекетке жол бермеу, мемлекеттік шекара режимін қатаң сақтау.

«Андас батыр» шекара бөлімшесінің негізгі күші – білімді де шыныққан шекаралықтар. Олар із кесу мен бағдарды анықтау, таулы жерде жүру, түнгі қозғалыс пен жасырын бақылау, жедел ұстау мен алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын жүйелі түрде пысықтайды. Кинологиялық топтың орны бөлек. Қызметтік иттер шекара бойындағы іздерді, тыйым салынған заттардың иісін тез ажыратады, жыра мен тоғайда жасырынғандарын табады. Із кесуші топтармен өзара іс-қимыл

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты «Андас батыр» шекара бөлімшесі – Меркі өңірінің тау жоталары мен сай-саласын қалт жібермей бақылайтын айбынды бөлімше.



үйлесімді: біреуі белгі табады, екіншісі бағытты бекітеді, үшіншісі алдын ала қойылған тосқауылға сүйеніп, ұстау әрекетін аяқтайды. Қажет болғанда ұшқышсыз құралдар да іске қосылады – осының бәрі уақыт үнемдеп, қауіп-қатерді ерте анықтауға мүмкіндік береді.

Бөлімше заң бұзушылықтың алдын алуды бірінші орынға қояды. Жергілікті тұрғындармен, шаруа қожалықтарымен, жайлаудағы малшылармен жүйелі түсіндіру жұмыстары жүргізіледі: шекаралық белгілердің мәні, шекаралық режимнің талаптары, рұқсат етілмеген өткелдерге барудың салдары нақты айтылады. Көршілес құрылымдар – кеден, полиция, құтқару қызметтерімен бірлескен рейдтер мен оқу-жаттығулар өткізіліп, ықтимал арналар мен жолдар картаға түсіріледі. Ортақ мақсат – заңсыз көші-қонға, контррабандқа, есірткі мен қару-жарақ тасымалына кеңістік бермеу.

Шекара қызметінің мәні көпке көріне бермейтін, бірақ елдің әр тынысында сезілетін еңбек. Күнделікті тәртіп, берік шыдам, өз ісіне деген адалдық – «Андас батыр» бөлімшесінің айнымас ұстанымы. Таңғы тымықта қыр үстінен көтеріле бастаған күн секілді, бұл бөлімшенің еңбегі де мемлекеттің тыныштығын нұрландырып тұрады. Шекара – сенім. Ал сол сенімді ақтап тұрған шекаралықтар – Отан алдындағы адал парызын үнсіз атқаратын, бірақ ел жүрегінде биік тұратын азамат.

Капитан **А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР».**  
Сурет шекара бөлімшесінен.



## ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ МЫЗҒЫМАС ТІРЕГІ

Еліміздің тұтастығын сақтап, тыныштығын күзетуде Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі айрықша стратегиялық рөл атқарады. Осындай биік міндетті адал атқарып келе жатқан құрылымдардың бірі – Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жайсан» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімі.



2002 жылдан бері еліміздің шекарасын сенімді күзетіп келе жатқан бөлім — уақыт сынынан сүрінбей өткен, темірдей тәртіп пен рухани беріктікке сүйенген ұжым. Шекара желісінің бұл бөлігі Мартөк ауданының аумағында, табиғаты күрделі өрі алуан түрлі өңірде орналасқан.

«Жайсан» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімі заманауи талаптарға толық жауап беретін материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген. Қару-жарақ сақтау қоймалары, жаттығу алаңдары, инженерлік бөгеттер мен көлік тұрақтары — бәрі де шекараны сенімді күзетуге бағытталған.

Бөлім тізгінін ұстаған подполковник Адилжан Құрманбаев – өз саласының майталманы. Нағыз офицерге сай көшбасшылық қабілеті жоғары, өз ісіне жантөнімен берілген азамат. Тәртіп пен жауапкершілікті өз үлгісімен үйретіп, жеке құрамының рухын көтеріп келеді. Департаменттің 2024, 2025 жылдарының қорытындысы бойынша «Үздік шекаралық бақылау бөлімінің бастығы» номинациясын екі жыл қатарынан иеленіп келеді.

Қазіргі таңда бөлімде бірқатар жетістіктер мен нәтижелі іс-шаралар жүзеге асырылуда. 2025 жылдан бері Мемлекеттік шекараны бұзудың 28 дерегі тіркелген, көші-қон саласындағы 356 заң бұзушылық анықталған. 40 есірткі затын тасымалдау дерегі тіркеліп, 41 қару-жарақ пен оқ-дәріге қатысты заңсыз әрекет әшкереленген. Бұдан бөлек, 26 тыйым салынған діни әдебиет пен 10 бөтен құжат фактісі анықталды. Сондай-ақ, 22 жағдайда көлік құралдарының VIN-коды сәйкессіздігі, 11 қос азаматтық фактісі тіркелді. Жыл сайын жауынгерлік іс-қимыл нәтижесін қорытындылауда Ақтөбе облысы бойынша департаментінің ең үздік шекаралық бақылау бөлімі атанып келеді. Ал ағымдағы жылдың наурыз айында 18 шетел азаматының заңсыз әрекетінің жолын кесті. Бұл – шекарашылардың ерен еңбегі мен кәсіби қырағылығының айқын дәлелі.

Сонымен қатар, «Жайсан» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімінің күнделікті қызметінде әскери қызметшілермен қатар қызметтік иттер де шекара шебін күзетуге



өз үлестерін қосуда. Қызметтік иттер де мемлекеттік шекараны күзетіп, шекара режимін бұзушыларды мүлтіксіз ұстап өздеріне жүктелген міндетті қырағылықпен адал атқаруда. Заңсыз көші-қон және контрабандамен күресте шекарашылардың батылдығы мен шұғыл шешім қабылдау қабілеті олардың кәсібилігін паш етіп келеді.

Бұл бөлім – тек шекара шебін күзетуді ғана емес, бұл – елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тірек, бұл – ерлік мектебі, бұл – нағыз патриотизмнің ордасы.

**Аға лейтенант  
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».**  
Суреттерді түсірген автор.

## ТЕ, КТО ВСТРЕЧАЮТ И ПРОВОЖАЮТ ПОЕЗДА

За прошлый год через этот участок государственной границы прошли более двухсот тысяч человек. Почти сто тысяч из них – граждане Казахстана, еще около ста двадцати тысяч – иностранные граждане. Пограничный контроль прошли около четырех тысяч транспортных средств.

Для пассажиров это всего несколько минут проверки. Для пограничников – непрерывная служба, где каждая деталь имеет значение.

Так, в конце мая 2025 года во время досмотра пассажирского поезда служебная собака, что шла со своим инструктором, обратила внимание на странный запах, исходивший от багажа одного из пассажиров. Проверка подтвердила подозрения – в вещах мужчины было обнаружено вещество растительного происхождения со специфическим запахом. Дальше все происходит быстро и строго по закону: оформление материалов, передача задержанного сотрудникам полиции.

В начале года женщина попыталась пересечь границу с ребенком, предъявив документы, принадлежащие другому человеку. На первый взгляд все выглядело обычным: паспорт, свидетельство о рождении, билет.

Но опытный пограничник всегда смотрит чуть глубже. Несколько уточняющих вопросов, внимательная проверка документов – и становится ясно: ребенок пересекает границу по чужим данным. Попытка обойти правила закончилась административной ответственностью. Граница не терпит легкомыслия.



Таких историй за год здесь было немало. Военнослужащие отделения пограничного контроля «Булаево» (железнодорожное) выявили около девяноста нарушений правил пребывания, пресекли несколько десятков попыток незаконного пересечения границы, а также обнаружили десятки

лиц, находящихся в розыске.

Но жизнь пограничников не ограничивается только службой. В небольших приграничных населенных пунктах военнослужащие часто становятся частью местной жизни. Их знают по имени, к ним обращаются за помощью, их считают

своими. И пограничники отвечают тем же.

В День благодарности военнослужащие подразделения решили сделать праздник по-настоящему теплым для своих соседей. Собрав продуктовые корзины, они посетили нуждающиеся семьи из числа жителей родного села. Такие моменты особенно важны для приграничных поселков, где взаимная поддержка и добрососедство имеют особую ценность.

Есть в службе пограничников место и для духовной жизни. В год празднования 180-летия великого казахского поэта и мыслителя Абая Кунанбаева, военнослужащие провели Абаевские чтения. В классе подразделения звучали строки из произведений поэта, его слова о чести, нравственности и любви к родной земле.

Поезда уходят дальше на север, растворяясь в степных просторах. Для пассажиров граница остается позади уже через несколько минут. А для военнослужащих отделения пограничного контроля «Булаево» (железнодорожное) она продолжается – в каждой смене, в каждой проверке документов, в каждой истории, которая происходит на этом небольшом участке железной дороги.

**Майор  
Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР».**  
Фото из подразделения границы.



Қазақстанның шығыс қақпасындағы Ақшоқы тауларының етегінде орналасқан «Ақшоқы» шекара бөлімшесі – Мемлекеттік шекараны қорғау ісіндегі тарихи маңызы зор, айбынды нысандардың бірі. Бөлімшенің қалыптасу тарихы 1927 жылдан бастау алады.

1931 жылы қызметтік борышын орындау кезінде көзсіз ерлік танытып, шекараны бұзған қарулы банданы тоқтату жолында қаза тапқан жауынгер Григорий Мезенцевтің құрметіне 1933 жылы бекетке оның есімі берілді. Уақыт өте келе нысан жаңа келбетке ие болып, 2021 жылы қазіргі «Ақшоқы» атауы ресми түрде бекітілді.

«Ақшоқы» шекара бөлімшесі тек қана шекараны қорғаумен шектелмей, жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыс орнатқан. Әкімдікпен, білім беру мекемелерімен, ауыл тұрғындарымен бірлескен іс-шаралар өткізу – бөлімшенің тұрақты дәстүріне айналған бағыт. Жастарға шекара қызметінің маңызын түсіндіру арқылы оларды Отан қорғаушылар қатарын толықтыруға бағытталған тәрбиелік жұмыстар үздіксіз жүргізіледі. Бөлімше Қытай Халық Республикасымен 33 шақырымға жуық учаскеде мемлекеттік шекараны күзетеді. Бұл жауапты аумақта шекара күзеті екі елдің өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады. Бірлескен жұмыс тәжірибесі шекара қауіпсіздігін нығайтуға, ортақ мүддені қорғауға мүмкіндік береді.

Бөлімшенің айбынын арттырып отырған офицерлердің еңбегі де айрықша. Шекара бөлімшесінің бастығы аға лейтенант Ерасыл



Жолтай 2001 жылы Түркістан облысында дүниеге келген. ҚР ҰҚК Шекара академиясын үздік тәмамдап, өз қызметін «Талды» шекара бөлімшесінен бастады. Қысқа мерзім ішінде тәрбие және идеологиялық жұмыстар бағытында жоғары нәтижелер көрсетіп, бүгінде Ақшоқы шекара бөлімшесінің бастығы ретінде кәсіби шеберлігімен танылып келеді.

Бөлімше бастығының орынбасары лейтенант Қуаныш Рахымжан 2004 жылы Жамбыл облысында туған. Шекара қызметінде еңбек етуді бала кезден армандаған ол 2025 жылы Шекара академиясын тәмамдап, қызмет жолын дәл осы Ақшоқыдан бастады. Қуаныш Ардахұлы бөлімше офицерлері арасында үздік көрсеткіштерімен көзге түсіп, бөлімнің құрмет тақтасына енген жас, талантты маман.

Аға лейтенант Аслан Курмамбаев 1996 жылы Семей қаласында дүниеге келген. Қаржы және құқық саласында білім алып, Кадет корпусында әскери даярлықтан өткен. 2022–2024 жылдары Талдықорған қаласындағы 37 десанттық-шабуылдау бригадасында взвод командирі болып қызмет атқарған. 2025 жылдан бастап ҚР ҰҚК Шекара қызметі қатарында еңбек етіп, бүгінде «Ақшоқы» шекара бөлімшесі бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары лауазымын атқарады.

Осындай тарихы терең, бүгінгі міндеті айқын, болашағы жарқын «Ақшоқы» шекара бөлімшесі – Отан шебінің сенімді қорғаны, ел тыныштығын күзеткен айбынды бекет болып қала береді.

Аға лейтенант  
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».  
Сурет басқармадан.

## РЕФЕРЕНДУМ – ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ЖАУАПТЫ ТАҢДАУ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!  
15 НАУРЫЗ МАРТА  
Ваше мнение важно для нас!

### РЕФЕРЕНДУМ

Ел өміріндегі маңызды қоғамдық-саяси оқиғалар әр азаматтың жауапкершілігі мен азаматтық ұстанымын айқындайтын кезең болып табылады. Осындай маңызды сәттердің бірі – алдағы республикалық референдум.

Осыған байланысты Техниканы және қару-жарақты жөндеу басқармасында жеке құрам арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және пікір алмасу мақсатында арнайы кездесу ұйымдастырылды.

Кездесуге қоғам өміріне белсенді араласып жүрген белгілі тұлғалар мен қоғамдық ұйым өкілдері арнайы шақырылды. Атап айтқанда, Алматы қаласы мәслихатының депутаты Алмат Ахметов, «AMANAT» партиясының Жетісу аудандық филиалының төрағасы Асылбек Сатаев, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Асхат Кабашев және Қазақстан «Тоғызқұмалақ» федерациясының атқарушы директоры Азамат Қалдыбаев қатысып, жеке құраммен ашық пікір алмасты.

Кездесу барысында қоғамдағы өзара түсіністік пен азаматтық жауапкершілікті нығайтуға ықпал ететін атап өтті. Техниканы және қару-жарақты жөндеу басқармасының жеке құрамы елдегі маңызды қоғамдық-саяси шараларға белсенді қатысуға дайын екендерін білдірді.



дағы рөлі мен маңыздылығына тоқталып, мұндай жалпыхалықтық саяси науқан азаматтардың өз еркін білдіруінің маңызды тетігі екенін атап өтті. Олар әрбір азаматтың мемлекет болашағына бейжай қарамай, өз таңдауын жасап, рефе-

рендумға белсенді қатысуының маңыздылығын жеткізді.

Алматы қаласы мәслихатының депутаты А.Ахметов қоғамдағы тұрақтылық пен ілгерілеудің басты негізі – азаматтардың белсенді азаматтық ұстанымы екенін атап өтті.

Оның пікірінше, ел тағдырына қатысты маңызды шешімдер қабылданатын мұндай саяси шараларға қатысу – әр азаматтың конституциялық құқығы ғана емес, сонымен қатар үлкен жауапкершілік.

Ал «AMANAT» партиясы-

ның Жетісу аудандық филиалының төрағасы А. Сатаев референдум халықтың пікірін ескеріп, ел дамуына ықпал ететін маңызды шешімдерді қабылдауға мүмкіндік беретінін айтты. Ол жеке құрамды мемлекет тағдырына бейжай қарамай, өз көзқарасын білдіруге шақырды.

Кездесу барысында қатысушылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, пікір алмасты. Ашық әрі еркін форматта өткен сұхбат жеке құрамның саяси сауаттылығын арттырып, алдағы референдум жөнінде жан-жақты мәлімет алуға мүмкіндік берді.

Шара соңында ұйымдастырушылар мұндай кездесулер қоғамдағы өзара түсіністік пен азаматтық жауапкершілікті нығайтуға ықпал ететінін атап өтті. Техниканы және қару-жарақты жөндеу басқармасының жеке құрамы елдегі маңызды қоғамдық-саяси шараларға белсенді қатысуға дайын екендерін білдірді.

Лейтенант  
Д. ЖАМУХАМБЕТОВ,  
«OS-ЧР». Суретті түсірген  
қатардағы Б. ӘДІЛХАН.



**ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**  
ҚАУІПСІЗ ҚАЗАҚСТАН ҮШІН!

# ТӘРТІП ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚ

ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментінде шекара басқармалары, бөлімдері мен бөлімшелерінің офицер-тәрбиешілері және психологтарының қатысуымен оқу-әдістемелік жиын өткізілді. Аталған жиын әскери тәртіп пен заңдылықты нығайту, тәрбиелік-идеологиялық жұмыстың тиімділігін арттыру, сондай-ақ жеке құрамның моральдық-психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылды.

Іс-шараға департаменттің жауапты және ТИКЖ департаментінің офицерлері қатысып, әскери ортадағы тәртіп пен заңдылықты сақтаудың өзекті мәселелерін жан-жақты талқылады.

Жиын бағдарламасы аясында психологиялық қамтамасыз ету мәселелеріне де ерекше назар аударылды. Психология ғылымдарының кандидаты, зерттеулер және даму институтының директоры Гүлжан Вероцкая офицер-тәрбиешілер мен психологтарға арналған лекциялар мен практикалық сабақтар өткізді. Сабақтар барысында әскери қызметшілер арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу, дағдарыстық жағдайларда психологиялық көмек көрсету, жеке құрамның мотивациясын арттыру және басқару стилінің моральдық психологиялық ахуалға ықпалы сияқты маңызды тақырыптар талқыланды.

Жиын аясында отбасы институтын нығайту және әскери қызметшілер арасында дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Осы бағытта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Заурет Қабылбекова «Отбасы құндылықтары» тақырыбын-



да тағылымды дәріс өткізді. Дәріс барысында отбасыдағы өзара құрмет, жауапкершілік және қолдаудың әскери қызметшінің моральдық-психологиялық жағдайына тигізетін әсері жан-жақты талқыланды. Сарапшының айтуынша, берік отбасы – әскери қызметшінің психологиялық тұрақтылығы мен қызметтік табысының маңызды кепілі.

Жиын барысында әскери-патриоттық тәрбие мәселелері де кеңінен қарастырылды. ҚР Қарулы Күштері ардагерлері ұйымының Шымкент қаласы филиалының төрағасы отставкадағы полковник Серікбек Оңбаев әскери қызметшілермен кездесу өткізіп, Отанға адал қызмет ету, мемлекеттік шекараны қорғау ісіндегі жауапкершілік туралы мазмұнды әңгіме өрбітті.

Жиын бағдарламасы аясында офицер-тәрбиешілердің өзара байланысын нығайту және ұжымдық мәдениетті дамыту мақсатында мәдени-танымдық және спорттық іс-шаралар да ұйымдастырылды. Қатысушылар боулинг клубына барып, сондай-ақ интеллектуалдық-психологиялық «Мафия» ойынына қатысты. Жалпы алғанда, өткізілген

оқу-әдістемелік жиын офицер тәрбиешілер мен психологтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға, әскери ұжымдардағы тәрбие және профилактикалық жұмысты жетілдіруге маңызды серпін берді.

**Подполковник Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет департаментен.

## «ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАҢА КӨЗІ: АҚЫЛДЫ КАМЕРАЛАР ЖОЛДА»



2026 жылғы 12 наурыздан бастап Қазақстанда Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің (31-бап) өзгерістері күшіне енді. Енді автоматтандырылған камералар жол ережесін бұзған жүргізушілерді полиция қызметкерлерінің қатысуынсыз тіркеп, айыппұл сала алады.

Ең басты жаңалықтар кең тараған екі құқықбұзушылыққа қатысты: қауіпсіздік белдігін тақпаған жағдайда және көлікті басқарған кезде мобильді телефон қолдану. «Ақылды» камералар бұзушылықтарды өз бетінше анықтап, автоматты түрде айыппұл сала алады. Айыппұл мөлшері — 5 минималды есептік көрсеткіш (МЕК), ал қайталанған жағдайда — 10 МЕК.

Сонымен қатар, жүйе мемлекеттік базалар арқылы сақтандыру полисінің және техникалық тексерістің жарамдылығын тексереді. Аз маңызды бұзушылықтар үшін мысалы, жарық құралдарын дұрыс қолданбау, камералар авто-хабарлама беріп, инспектордың араласуын талап етпейді.

Мамандар «ақылды» камераларды енгізу жол қауіпсіздігін арттыруға және жүргізушілердің абайсыздығы мен ережені бұзудан туындайтын жол-көлік оқиғаларын азайтуға бағытталғанын атап өтті. Автоматтандыру адам факторының ықпалын азайтып, құқықбұзушылықтарды анықтау процесін жылдамдатады.

Осылайша, Қазақстандағы жүргізушілер аса сақ болуға тиіс: жол ережелерін сақтау енді тек полиция қызметкерлерімен ғана емес, заманауи технологиялар арқылы да бақыланады, ал абайсыздық үшін айыппұлдар айқын және тез енгізіледі.

**Лейтенант Д. ЖАМУХАМБЕТОВ, «OS-ЧР».**  
Сурет ашық ғаламтор желісінен алынған.



## ЧЕМПИОНАТТАР ЖЕҢІМПАЗЫ

Ел тыныштығын күзетіп, шекара шебінде абыроймен қызмет етіп жүрген, сондай-ақ халықаралық аренада Қазақстанның намысын қорғап жүрген офицерлердің бірі – аға лейтенант Сауран Аралбай. Әскери қызмет пен үлкен спортты қатар алып жүрген бұл жас сардар бүгінде шекарашы мәртебесін биіктетіп қана қоймай, өзінің қайсарлығы мен еңбегі арқылы талай жасқа үлгі болып отыр.

шасында қоян-қолтық ұрыстан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағын, ал сол жылдың 10 желтоқсанында кикбоксингтен «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағын иеленді. 2021 жылы қоян-қолтық ұрыстан «Халықаралық дәрежедегі спорт шебері» мәртебесіне ие болуы оның шын мәнінде әлемдік деңгейдегі спортшы екенін дәлелдеді.

Әскери жолында да, спорттық аренада да ол тек жеңістерге ұмтылды. Қоян-қолтық ұрысынан Қазақстанның үш дүркін чемпионы әрі үш дүркін жүлдегері атанып, Мәскеуде өткен 2021 жылғы әлем кубогында жеңіс тұғырына көтерілді. 2022 жылы Қазан қаласында өткен Азия чемпионатында қола медаль иеленсе, 2023 жылы Астанада өткен әлем чемпионатында күміс жүлде жеңіп алды. Кикбоксингтен Қазақстан кубогының жеңімпазы болып, унифайттан Қазақстан чемпионы атағын да қанжығасына байлады. 2024 жылы Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында өткен унифайттан Азия чемпионы атануы –

оның мансабындағы ең ірі табыстардың бірі. Сонымен қатар, 2023 және 2025 жылдары ТМД мемлекеттері Шекара қызметкерлерінің спартакиадасында қатарынан екі мәрте чемпион атанып, халықаралық әскери спорт алаңында да ел мерейін үстем етті.

Бүгінде Сауран Мақсатбайұлы Ақтөбе облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің арнаулы мақсаттағы мобильді іс-қимылдар бөлімшесінде қызметін атқарады. Шекара қызметінің 2024 жылғы және 2025 жылғы «Үздік спортшы» атағының иегері.

Ол үшін спорт – тек медаль мен атақ емес, ең алдымен Отан қорғаушының бойындағы төзімділікті, батылдықты, жылдамдықты қалыптастыратын өмір мектебі. Әрбір жарысқа шыққанда ол тек жеке намысын ғана емес, Шекара қызметінің беделін қорғауда.

Аға лейтенант  
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.



## СВЯЗИСТ СВОЕГО ВРЕМЕНИ

У каждой пограничной смены есть люди, чья работа почти не видна со стороны, но без нее невозможно представить ни одно подразделение. Когда на постах тишина и порядок, когда команды передаются точно и без задержек – значит, где-то рядом работает связист. Один из таких людей – старший сержант Ербол Боранбаев, старший техник группы обеспечения связи Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области.



С 2007 по 2012 годы Ербол Боранбаев служил старшим разведчиком десантно-штурмовой заставы. Пять лет в составе мобильного подразделения стали отдельной главой его службы – интенсивной, требующей выносливости и готовности действовать в любой обстановке.

Позже он вернулся к своей основной специализации и продолжил службу радиотелефонистом узла связи воинской части 2032.

В 2020 году после реорганизации старший сержант был переведен в Управление службы правительственной связи КНБ по СКО на должность старшего техника.

А с 2022 года он продолжает службу в Департаменте ПС КНБ по СКО – старшим техником поста оперативной и внутренней связи.

За годы службы Ербол Боранбаев не раз подтверждал: хороший связист должен постоянно учиться. В 2023 году он окончил гуманитарно-технический колледж по специальности «Радиотехника, электроника и телекоммуникации» и прошел курсы повышения квалификации по направлению «Телекоммуникации и связь».

Его служба отмечена ведомственными наградами. Он награжден медалями «Минсіз қызметі үшін» III и II степеней, а также медалями «Ұлттық қауіпсіздік қалқаны» III и II степеней. В разные годы поощрялся благодарностями и грамотами от руководства.

Ербол Катранович женат, воспитывает двоих детей. Старший сын Диас – студент первого курса, дочь Медина учится в пятом классе и занимается танцами.

Сегодня за его плечами более двух десятилетий службы. За это время менялись подразделения, оборудование и задачи, но неизменным оставалось одно – необходимость надежной связи на границе.

А значит, работа таких специалистов, как старший сержант Ербол Боранбаев, по-прежнему остается важной частью повседневной службы военнослужащих Пограничной службы.

Майор  
Д. МУКАЖАНОВА,  
«OS-ЧР». Фото автора.

## ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ СЕРПІНДІ ЖАС ОФИЦЕР

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету – үлкен жауапкершілік пен жоғары кәсібилікті талап ететін қасиетті міндет. Осы абыройлы қызметті адал атқарып жүрген жас офицерлердің бірі – ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасының «Өгем» шекара бөлімшесі бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары аға лейтенант Бекнұр Шекербек.

Жас болса да, жауапкершілігі жоғары, қызмет пен спортты қатар алып жүрген офицер бүгінгі таңда шекара қызметіндегі үздік мамандардың қатарынан көрініп келеді. Бекнұр Асқарұлы 2002 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданының Шолақорған ауылында дүниеге келген. Отан алдындағы борышын адал атқаруды мақсат тұтқан жас талапкер сол жылы Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясына оқуға түседі. 2023 жылы маусым айында аталған әскери оқу орнын аяқтап, жас офицер ретінде шекара қызметінің қатарына қосылды. Білімге деген ұмтылысы мен кәсіби дамуға деген талпынысы оны әрі қарай да жетелей түсті. 2023–2025 жылдары Шымкент қаласындағы Орталық Азия инновациялық университетін құқықтану мамандығы бойынша тәмамдап, құқық саласында да білімін толықтырды. 2023 жылдың тамыз айынан бастап бүгінгі күнге дейін «Өгем» шекара бөлімшесі бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары лауазымында әскери қызметін атқарып келеді.

Бекнұр Асқарұлы өзін ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, жауапкершілігі мол офицер ретінде танытып келеді. Жеке құраммен жүйелі түрде өткізілетін тәрбиелік іс-шаралар, әскери-патриоттық кездесулер мен түсіндіру жұмыстарында оның белсенділігі ерекше байқалады. Офицердің кәсіби біліктілігі мен қызметтегі нәтижелі еңбегі ескеріліп, 2024 және 2025 жылдардың қорытындысы бойынша Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасының үздік тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары атанды.

Бекнұр Асқарұлы әскери қызметпен қатар спорт саласында да жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Ол жеңіл атлетикамен тұрақты түрде айналысып, түрлі республикалық және халықаралық марафондардың жеңімпазы және жүлдегері атанған. Соның ішінде: ТМД мемлекеттері арасында өткен әскери жарыстардың



жүлдегері; «Astana Run Challenge» марафонында 10 шақырым қашықтықта I орын иегері; Алматы қаласында өткен «Winter Run» және «Cora Run» марафондарында жүлделі орындарға ие болған.

Қызмет жолындағы жетістіктердің артында әрдайым отбасының қолдауы тұратыны белгілі. Бекнұр Асқарұлының өмірлік серігі – Қасымбек Адина Нұрболқызы. Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында менеджер қызметін атқарған. Қазіргі таңда жас ана декреттік демалыста. Жас отбасы бір қыз тәрбиелеп отыр. Әскери қызметтің жауапты міндеттері мен отбасы өмірін үйлестіре білген бұл шаңырақ – шекарашы отбасыларының жарқын үлгісінің бірі.

Осындай серпінді, білімді әрі патриот офицерлердің арқасында мемлекеттік шекараның беріктігі нығайып, шекара қызметінің абыройы арта түсері сөзсіз.

Подполковник  
Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».  
Сурет шекара басқармасынан.



## АБЫРОЙЛЫ ЖОЛ

**Ел шебін күзету – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін қасиетті қызмет. Осы абыройлы жолды таңдаған жандардың бірі – сержант Гүлжазира Досекова. Ол Қызылорда қаласына қарасты Тасбөгет кентінде дүниеге келген. Қарапайым, шағын отбасында тәрбиеленіп өскен.**

Гүлжазира Елемесқызының әскери қызметке деген қызығушылығы бала күнінен басталған. Себебі олардың үйі оқу-жаттығу орталығына жақын орналасқан еді. Таңсәріде сапқа тұрып, қызметке бет алған әскери қызметкерлердің дауыстары мен әскери тәртіпке толы көріністері оның бала жүрегіне ерекше әсер қалдырған.

Алғашқы еңбек жолын 2008 жылдың қыркүйек айында бастайды. Ол кезде әскери қызметке қабылданғанға дейін азаматтық қызметкер ретінде 10 ай еңбек етеді. Кейін рұқсат құжаттары рәсімделіп, 2009 жылдың 10 тамызында ресми түрде әскери қызметші атанады. Қызмет жолын 2019 әскери бөлімінің техника және қа-

ру-жарақ бөлімінде бастап, бұл салада 12 жыл адал еңбек етеді. 2020 жылдың мамыр айында ол мемлекеттік сатып алу тобының жауапты орындаушысы лауазымына ауыстырылып, бүгінгі күнге дейін осы қызметті абыроймен атқарып келеді. Қазіргі таңда оның жалпы еңбек өтілі 16 жылдан астам уақытты құрайды.

Гүлжазира Елемесқызының айтуынша, оның қазіргі қызметі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мемлекеттік сатып алу саласында жұмыс істеу – мұқияттылық пен есеп-қисапқа дәлдікті қажет ететін маңызды бағыт. Бұл қызмет арқылы ел шебін күзетіп жүрген әскери қызметшілердің азық-түлік және басқа да қажеттіліктерін қамтамасыз етуге үлес қосады.

Сондықтан бұл жұмысты ол тек қызмет емес, ел қауіпсіздігіне қосқан өзіндік үлесі деп біледі.

Айта кетерлігі, оның анасы да кезінде Шекара қызметінде фельдшер болып еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. Демек, әскери қызметке деген құрмет пен адалдық бұл отбасының өмірлік құндылықтарының бірі десек артық емес.

Бүгінгі таңда ол таңдаған жолына риза. Себебі Отан шебін күзету ісіне өз үлесін қосу – әр азамат үшін үлкен мәртебе.

**аға лейтенант  
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.**



## ПОРЯДОК — ОСНОВА СЛУЖБЫ

**Слаженная работа любого воинского коллектива во многом зависит от порядка в местах службы. В Департаменте ПС КНБ по Мангистауской области за это отвечает комендант отделения охраны и обеспечения младший сержант Талгат Сатканов.**

Уроженец села Жанаказан Джангалинского района Западно-Казахстанской области, Талгат Сатканов проходит службу в пограничном ведомстве уже более восьми лет. За это время он зарекомендовал себя дисциплинированным и ответственным военнослужащим, который добросовестно выполняет возложенные на него обязанности.

В круг задач Талгата входит обеспечение порядка и сохранности здания департамента, исправность помещений, мебели, оборудования и инженерных систем, контроль соблюдения правил пожарной и технической безопасности. Также комендант отвечает за поддержание чистоты и правильную эксплуатацию служебных помещений, следит за тем, чтобы здание соответствовало установленным нормам и требованиям.

Начальник отделения подполковник Ануар Байбусинов положительно характеризует своего подчиненного:

– Младший сержант Талгат Сатканов – испол-



нительный и надёжный военнослужащий. К своим обязанностям относится ответственно, проявляет инициативу и всегда доводит начатое дело до конца. Благодаря его внимательности и требовательности в здании департамента поддерживается порядок и надлежащее состояние помещений.

Сам Талгат Сатканов отмечает, что его работа требует постоянного внимания и ответственности:

– В моей работе главное – порядок и безопасность, чтобы военнослужащие могли нести службу в нормальных условиях. В здании может произойти всякое: где-то кран потечет, где-то трубу может прорвать, особенно во время запуска отопления. Поэтому нужно постоянно следить за состоянием помещений и инженерных систем, контролировать работу плотников и сантехников.

За добросовестную службу младший сержант Талгат Сатканов неоднократно отмечен руководством департамента и ведомства, награжден грамотами и благодарственными письмами.

Благодаря ежедневному труду таких военнослужащих создаются необходимые условия для слаженной службы личного состава.

**Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,  
«OS-ЧР». Фото автора.**

## КӘСІБИ КИНОЛОГ

Жақында ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасында штаб бастықтарының жиыны өтетін болып, бас редактордың тапсырмасымен қала іргесіндегі Қарасайға бет алғанбыз. Ақыры жол түскен екен, арасында кинологтар туралы мәлімет жинай жүруді де шешкенбіз. Обалы нәшік, аталмыш басқарма бастығының міндетін уақытша атқарушы подполковник Қуаныш Түменбаев біздің тілегімізді екі етпегені былай тұрсын, «жазуға лайықты» деп әскери қызметшіні атады. Бақсақ, офицер ұсынған шекарашы ұжымға өткен жылдың қарашасында қабылданған көрінеді. Есесіне, ол шекарашыларды «жүз жылдан бері біледі!». Қызық екен, демек, мұның астарында бір сыр бұғып жатқан болды ғой... Осылай дедік те, жиын арасында басқарма бастығының өзі «мақтауын асырған» кинологпен кездесуге асықтық.

Бұл – келісімшарт қызметінің қатардағы жауынгері Аделина Емельянова. Иығын жапқан шашын екі бұрымды етіп өрген шекарашы қыз бізбен жайдары амандасты. Сосын қызға алғашқы қойған сауалымыз мынау болды: «Аделина, сіздің шекарашы атанып, ант қабылдағаныңызға да көп болмапты. Соған қарамастан сізді өріптестеріңіз «мықты кинолог» деген пікірде? Мұның сыры неде?»

Елде жоқ есімнің иесі күліміреді. Сосын

– Мұның ешқандай сыры жоқ. Бар болғаны, мен әскери қызметке келгенге дейін Алматы қаласындағы «Элита Доссаф» қызметтік иттер орталығында курстан өттім. Ал негізгі мамандығым бойынша – заңгермін. «Тұран» университетінің заң факультетін бітірдім. Тек, өз мамандығым бойынша жұмыс істеген жоқпын. Ойлана келе, кинология саласын таңдадым.

– Қызық екен. Неге? – дедік.

– Шынымды айтсам, кинология – мені бала кезімнен өзіне магнитше тартатын. Өйткені, менің анамның жеке питомнигі бар. Асыл тұқымды иттерді үйретумен айналысады. Мүмкін, сосын да болар, ойлана келе кинология саласына бет бұрдым. Ал қазіргі қызметіме келсек, мен шекарашы кинологтармен бұрыннан таныспын. Әрине, сырттай. Қалада өтетін көрмелерде көріп, оларға қатты қызығатыным. Қалай айтсам екен, иттері де өздері секілді өте «тәртіпті», үй иттері айналы азан-қазан қылып жатса, керісінше шекарашылардың жарысқа әкелген салпаңқұлақтарының арсалаңдап жүргенін көрмедім... Өте ақылды ғана емес, бұйрыққа мықтап үйретілгендері көрініп тұратын.

– Енді түсінікті болды... Ал енді қазіргі қызметіңіз туралы айтып өтсеңіз. Жалпы, әскери форманы алғаш киген сәттегі әсеріңіз қандай?


– Қазіргі қызметім өзіме қатты ұнайды. Мұнда біз екі айлық күшіктерді ең алдымен түрлі ойындар арқылы оқытамыз. Себебі, екі айлық күшіктің зейіні тұрақсыз, сондықтан сабақтар 5-10 минуттан аспайды. Барлық тапсырмаларды ойын түрінде береміз. Сосын негізгі командаларды орындау және тәртіпке үйретеміз. Іздеуге үйрету – күшіктің иіс сезу қабілетін дамытудың алғашқы қадамы...

Енді екінші сауалыңызға келсек... Білесіз бе, мұны мен жай сезбен жеткізе алмаймын. Осыған дейін мен шекарашыларға сырттай қызыға қараған болсам, енді өзім де солардың бірімін. Осының өзі-ақ мені өлшеусіз қуанышқа бөлейді...

Иә, сүйікті ісімен айналысу үшін заңгерлікті емес, кинология саласын таңдаған Аделинаның мықты кинолог екені, қыздың сөз саптауынан ғана емес, қасымызға құлдырандап жеткен күшіктердің бірін жерден асқан ептілікпен көтеріп алып, бауырына басқанынан көрініп тұр еді...

Міне, ел шебіне қызмет иттерін дайындайтын дара басқармада мықты кинолог қызмет атқарады. Ол – Аделина Басидовна. Кәсіби кинолог.

**Әскери журналист  
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.**



**Хобби... Иә, кез келген адамның өз хоббиі бар. Яғни сүйікті ісі. Мәселен, менің хоббиім – қолым боста кітап оқу... Тағы.., хім, алысқа бармай-ақ қоялық. Ал мамандығым – өздеріңіз көріп тұрғандай, қалам тербеу. Мен мұны неге тәптіштеп отырмын? Асықпаңыз, астарында сыр бар...**



Еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шекара қызметшілерінің еңбегі айрықша. Мемлекеттік шекараны күзету – үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін қасиетті міндет.



САРБАЗ СЫР ШЕРТЕДІ

## АДАЛ ҚЫЗМЕТ

Осындай жауапты қызметті адал атқарып жүрген әскери қызметшілердің бірі – ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаменті Зайсан ауданы бойынша Шекара басқармасына қарасты «Майшілік» шекара бөлімшесінің аспазшысы қатардағы жауынгер Толқын Касабаева.

Толқын Талғатқызы 1993 жылы Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Мақаншы ауылында дүниеге келген. 2001 жылы Бақты ауылындағы орта мектептің табалдырығын аттап, білім жолын бастайды. 2009 жылы мектептің 9-сыныбын аяқтаған соң, сол жылы Семей қаласындағы көпсалалы колледжге оқуға түседі. Оқуын жедел тәмамдап, 2010 жылы Семей қаласындағы Шәкерім атындағы университетке түсіп, жоғары білім алады. 2014 жылы аталған оқу орнын үздік, қызыл дипломмен тәмамдап шығады.

Жастайынан еңбекқорлық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өскен Толқын Талғатқызының әскери салаға келуіне отбасының ықпалы зор болды. Анасы Алтын Сламбаева 2003–2022 жылдар аралығында «Бақты» шекара бөлімшесінде әскери қызметші болып еңбек еткен. 2024 жылы Толқын Талғатқызы ҚР ҰҚК Шекара қызметіне келісімшарт негізінде жұмысқа қабылданып, «Майшілік» шекара бөлімшесіне аспазшы болып орналасты. Әскери қызметшілердің дұрыс әрі сапалы

тамақтануы – олардың жауынгерлік әзірлігі мен қызмет сапасына тікелей әсер ететіні белгілі. Осы жауапты жұмысты ол үлкен ұқыптылықпен және жауапкершілікпен атқарып, бөлімшедегі еріптестерінің алғысына бөленіп жүр.

Сонымен қатар, ол тек асхана жұмысымен ғана шектеліп қалмай, қажет болған жағдайда бөлімшеде байланыс қызметіне де көмектесіп, ортақ іске өз үлесін қосып келеді. Толқын Талғатқызының айтуынша, шекара бөлімшесіндегі қызмет ерекше жауапкершілікті талап етеді. Мұнда әрбір әскери қызметші бір-біріне тірек болып, ортақ мақсат – ел шебінің тыныштығын сақтау жолында бірлесіп еңбек етеді. Ұжымдағы бірлік пен өзара қолдау оған ерекше ұнайды.

Ел шебінде қызмет ету – үлкен абырой. Ал сол абыройлы жолда еңбек етіп жүрген әрбір әскери қызметшінің еңбегі құрметке лайық. Толқын Талғатқызы сияқты Отанға адал қызмет етіп жүрген азаматтар ел қауіпсіздігінің сенімді тірегі болып қала бермек.

Подполковник  
Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».  
Сурет департаменттен.

Мемлекеттік шекара – Тәуелсіздіктің тұғыры, елдіктің айнасы. Ал сол шепте қырағы көзбен қарауылда тұрған сарбаз – халық сенімінің иесі. Шекарада қызмет ету – екінің біріне бұйырмайтын абырой, үлкен жауапкершілік.

## ҚАСИЕТТІ БОРЫШ

Бүгін біз ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Тасты» шекара бөлімшесінің «Күз–2025» шақырылымының сарбазы, қатардағы жауынгер Мақсат Бексұлтановпен сұхбаттасқан едік.

– Мақсат, өзіңіз туралы айтып өтсеңіз.

– Мен 2004 жылы Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылында дүниеге келдім. Мектептен кейін Алматы қаласындағы Алматы Энергетика және Байланыс университетіне оқуға түсіп, 2025 жылы энергетик мамандығы бойынша тәмамдадым.

– Шекара қызметін таңдауыңызға не түрткі болды?

– Әскерге бару – әр азаматтың қасиетті борышы. Ал Шекара қызметі – сол борыштың ең жауапты бағытта-



КЕЗДЕСУ

Мемлекет шекарасын күзету – ел тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің маңызды кепілі. Осы жауапты міндетті атқаратын шекара қызметінің болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Сол себепті жасөспірімдерге әскери-патриоттық тәрбие беру, оларды Отан қорғау ісіне баулу – аса маңызды міндеттердің бірі болып саналады.

Кездесу барысында курсанттар оқушыларға Шекара академиясына түсу талаптары, оқу бары-

рының бірі. Ел шебінде тұрып қызмет ету – үлкен сенім. Шекара – мемлекеттің тұтастығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Сол шепті күзету – нағыз ер-азаматқа тән міндет деп санаймын.

– Қызмет барысы туралы айтып берсеңіз.

– Күн тәртібі нақты әрі жүйелі. Таңғы сап түзеу, жауынгерлік дайындық, қарумен жұмыс, дене шынықтыру – барлығы әскери тәртіпке сай өтеді. Шекара нарядтарына шығып, белгіленген учаскеде қырағылықпен қызмет атқарамыз. Қыс мезгілінде шаңғымен, кейде қызметтік итпен немесе техникамен патрульге шығамыз. Табиғаттың қатал жағдайы бізді шыңдай түседі. Әр күн – жауапкершілік пен қырағылыққа толы.

– Болашақтағы жоспарыңыз қандай?

– Алдағы уақытта мамандығым

бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметі қатарында қызметімді жалғастырып, кәсіби тұрғыда еңбек еткім келеді. Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне өз үлесімді қосуды мақсат етемін.

– Жастарға айтарыңыз?

– Жастарды Отан алдындағы борышын өтеуге шақырамын. Әскер – ер азаматты шыңдайтын өмір мектебі. Ал шекара қызметі – батылдық пен табандылықтың мектебі.

Ел шебінде тұру – үлкен мәртебе. Біз бейбіт өмірдің бағасын дәл осы шекарада жүріп терең түсінеміз. Сондықтан замандастарымды шекара қызметіне келуге, ел қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек етуге шақырамын.

Аға лейтенант  
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».  
Суретті түсірген автор.

## БОЛАШАҚ ШЕКАРАШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасында тәжірибеден өтіп жатқан ҚР ҰҚК Шекара академиясының курсанттары Алмалы ауылындағы Елтінді батыр атындағы орта мектептің және Атамекен ауылындағы Ж.Розыбакиев атындағы орта мектептің оқушыларымен кездесу өткізді.



сы, әскери дайындықтың ерекшеліктері туралы толық мәлімет берді. Сонымен қатар академияда білім алу барысында курсанттарға берілетін әлеуметтік қолдаулар, әскери тәртіп пен тәрбие,

заманауи әскери дайындық мүмкіндіктері жөнінде де кеңінен түсіндірілді. Оқушыларға әскери мамандықтың артықшылықтары, оның ішінде тұрақты қызмет, мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеу-

меттік кепілдіктер, жоғары деңгейдегі тәртіп пен жауапкершілік туралы айтылды.

Кездесу барысында оқушылар белсенділік танытты. Курсанттарға түрлі сұрақтар қойды. Олар әскери оқу орнына түсу шарттары, оқу барысында кездесетін қиындықтар, дене дайындығына қойылатын талаптар және шекара қызметінің күнделікті жұмысы туралы қызығушылық танытты. Курсанттар оқушылардың әрбір сұрағына жан-жақты жауап беріп, болашақта шекарашы мамандығын таңдауға ниет білдірген жастарға пайдалы кеңестер берді.

Осындай тәрбиелік мәні зор кездесулер жастардың болашақ мамандықты дұрыс таңдауына, әскери қызметке деген қызығушылығын арттыруға үлкен ықпал етеді. Кездесу соңында оқушылар курсанттарға алғыстарын білдіріп, әскери қызмет туралы пайдалы ақпарат алғандарын атап өтті.

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,  
«OS-ЧР». Сурет шекаралық  
бақылау басқармасынан.



## ШЕКАРАШЫЛАРМЕН ӨТКЕН БІР КҮН



Бүгінде еліміздің қалалары мен өңірлерінде ашылған әскери-патриоттық клубтардың егемен еліміздің болашақ қорғаушыларын тәрбиелеу ісіне қосар үлесі зор. Бұл – Қазақстанда жастарды әскери-патриоттық тәрбие берудің 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы болып табылады. «Айбын» халықаралық жиыны, Шекара қызметінің қамқорлығындағы «Жас шекарашы» сияқты мамандандырылған сыныптар мен клубтар осының айқын дәлелі.



Міне, жақында Алматы қаласындағы осындай клубтардың мүшелері ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасында өткен «Ашық есік күніне» қатысты. Шараны аталған шекара басқармасы мен шекарашы ардагерлердің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық ұйымы бірлесіп ұйымдастырды.

...Айқара ашылған қақпадан енген оқушыларды мұнда Шекара қызметінің қолданысындағы түрлі техникалар мен қару-жарақтар, байланыс құралдары мен азық-түліктер қойылған көрмелер күтіп тұрған болатын. Айта кетерлігі, шекара басқармасының орталық алаңында сап түзеген кадеттер өздерінің ине-жіптен жаңа шыққан әскери формаларымен даралана түскен. Әсіресе, жасыл күнқағарлы қыздар мен ұлдар көпшіліктің назарын өзіне бірден аударғаны анық.

Сонымен қатар, бүгінгі жиынға «Боран» арнайы мақсаттағы басқармасы, Қызметтік кинология және Техниканы, қару-жарақтарды жөндеу, «Алматы» шекаралық бақылау басқармалары да атсалысқан. Борандықтар өздерінің оқ өтпейтін бронды ұрыс машиналарын көпшіліктің назарына ұсынса, Техни-



каны және қару-жарақтарды жөндеу басқармасы да өздері шығаратын жиһаздарды, инженерлік сымдар мен құрылғылармен ерекшеленген. Ал кинологтар қызметтік итердің жұмысын таныстырып, оларды жаттықтыру ерекшеліктерін көрсетті.

Сондай-ақ шараға Жетісу облысы бойынша департаментінің бастығы полковник М.Нарбаев, Алматы облысы бойынша департаменті бастығының орынбасары полковник Е.Түлкібаев, «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы

запастағы генерал-майор М.Сабидолданов бастаған аға буын шекарашылар қатысып, көрмелермен танысты.

Лайықты бағасын беру керек, көрмеге қойылған заманауи үлгідегі техникалар мен қару-жарақтар әсіресе балалардың қызығушылығын туғызған. Ел шебін күзетуге арналған әскери көліктер мен ұрыс машиналарына мініп көріп, қаруларды қолдарына ұстап көргенше асыққан... Қолдарына шекарашылардың дүрбісін ұстап, сарбаздар асынатын автоматтан нысана көздеген сәттері өздерін нағыз әскери сезінген балалардың қуаныштарында шек болған жоқ.

Іс-шара соңында балалар мен шекарашылар естелік суретке түсіп, өздерінің жылы лебіздерімен бөлісті. Бұл кездесу саптық дағдылары қалыптасып үлгерген, Алматы облысы бойынша департаменті жиі өткізетін түрлі шараларға қатысуды біртіндеп дәстүрге айналдырып келе жатқан «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының мүшелері үшін тағылымды күн болды.

**Әскери журналист  
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**  
Суреттерді түсірген автор.

### ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

## ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР: ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ІЗГІЛІК

Қайырымдылық – бұл тек басқаға көмек көрсету емес, ол жүректі жылытып, адамның бойындағы ізгілік пен жауапкершілікті арттыратын іс. Әрбір игі әрекет қоғамға жылылық сыйлап, жастардың бойына адамгершілік пен патриоттықты сіңіреді. Осындай ізгілік үлгісін Астананың №16 мектебіндегі «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының шәкірттері көрсетті.

Ораза айында клуб мүшелері аз қамтылған отбасыларға азық-түлік пен қажетті заттар таратты. Бұл олардың алғашқы қайырымдылық әрекеті емес: жаңа жыл қарсаңында да олар мектептегі мұқтаж жандарға қол ұшын беріп, кішкентай да болса жүректерін жылытып үлгерген еді.

Клуб мүшелері бұл жолы да көңілінен шыққан ізгі іс жасады. Сағадаев Темірәли, жас шекарашының бірі, өз әсерімен бөлісіп: «Мен осындай шараларға қатысқанда жүрегім шаттыққа толады. Әрбір кішкентай сыйлық – бұл тек азық-түлік емес, адамдарға деген құрмет пен қамқорлықтың белгісі», – деді. Мұндай бастамалардың ұйымдастырылуына мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы



Сауле Аблаевна әрдайым тікелей атсалысып, оқушыларды бағыттап, қолдау көрсетеді. Оның арқасында жас шекарашылар іс-шараларды жүйелі түрде өткізіп, қоғамға үлгі көрсететін іс-қимыл жасай алады.

Жетекші ретінде мен өз шәкірттеріммен мақтанамын. Олардың азаматтық жауапкершілігі, патриоттық сезімі және ізгілікке деген талпынысы – жас ұрпақтың болашағы жарқын екенінің айғағы. Мұндай іс-шаралар жас шекарашылардың бойына адамгершілік пен жауапкершілікті шыңдайды, қоғамға көмек қолын созу – нағыз ерліктің белгісі екенін көрсетеді.

«Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубының оқытушылары өз үлгісімен патриотизм мен адамгершіліктің үйлесімін дәлелдеп отыр. Олардың әрекеттері жүректерге жылылық сыйлап, жас ұрпаққа өмірде дұрыс бағыт таңдауға, мейірімді болуға шақырады.

**ҚР Журналистер  
одағының мүшесі  
подполковник  
Ж. КЕМЕЛ, «OS-ЧР».**  
Суретті түсірген автор.



## «КӨРІСУ КҮНІ» – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҢ АЙНАСЫ

«Көрісу күні» – тек дәстүр ғана емес, халықтың рухани мәдениетінің маңызды бөлігі. Бұл күні адамдар бір-біріне ізгі тілектерін арнап, амандық пен береке тілейді.



Әсіресе, жасы кіші буынның үлкендерге барып сәлем беруі – қазақ қоғамындағы тәрбиенің, құрмет пен ізеттің айқын көрінісі. Мұндай дәстүрлер жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіріп,

ұлттық құндылықтарды сақтауға ықпал етеді. Қазіргі таңда «Көрісу күні» ұлттық дәстүрлерді жаңғыртудың бір көрінісіне айналып отыр. Түрлі мекемелерде, білім беру ұйымдарында және еңбек

ұжымдарында бұл күнге орай кездесулер ұйымдастырылып, адамдар бір-бірімен көрісіп, жылы лебіздерін білдіреді. Бұл өз кезегінде қоғамдағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, «Көрісу күні» – адамдардың бір-біріне деген жанашырлығы мен сыйластығын арттыратын ерекше күн. Ағайын-туыс пен көрші-қолаң бір-бірінің шаңырағына арнайы барып, амандық-саулық сұрасып, дастарқан басында жүздеседі. Осындай сәттер адамдар арасындағы қарым-қатынасты жақсартып, бауырмалдықты арттыра түседі. Халқымыз «Тату елге тыныштық орнайды» деп бекер айтпаған. Көрісу күні осы татулық пен бірліктің айқын көрінісі болып табылады. Сондықтан бұл дәстүрдің мәнін ұғыну және оны кейінгі ұрпаққа жеткізу – әрбір азаматтың ортақ міндеті. Осындай игі дәстүрлер арқылы ұлттық мәдениетіміздің тамыры тереңдей түседі.

Қазақ халқы үшін бірлік пен татулық қашанда басты құндылықтардың бірі болып келген. «Көрісу күні» – осы құндылықтарды айшықтайтын, адамдарды бір-біріне жақындастыратын ерекше дәстүр. Бұл күні айтылған әрбір жылы сөз, әрбір шынайы тілек адамдардың жүрегіне қуаныш пен сенім ұялатады. Сондықтан көрісу дәстүрі – тек амандасу ғана емес, халықтың бірлігі мен сыйластығын білдіретін рухани құндылық. Бүгінгі таңда бұл дәстүрдің маңызы одан әрі артып келеді. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жастардың бойына үлкенге құрмет пен кішіге ізет сияқты қасиеттерді сіңіру – қоғам үшін аса маңызды. Көрісу күні осы тәрбиелік мән зор салттардың бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, халқымыздың мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып қала беретіні сөзсіз.

Аға лейтенант

Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».

Сурет ЖИ көмегімен жасалған.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ТА ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

Біздің бала кезіміз. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарының орта шенін айтамын. Көктем келе салып, ауылдың үлкен-кішісі наурыз көже жасаудың қамына кірісетін еді. Бір қызығы, біздің өңірге (оңтүстік жақ) қыз көктем де сылаң ұрып ерте жетіп келетін.

Сол-ақ екең біз - қыздар қолымызға сыпыртқы ала салып, ауланы айнадай қылуға кіріссек, ұлдар жағы арықтарды тазалауды бастап кететін. Осылай ету – қасиетті парыздай көрінетін. Ал наурыз көже жасауды үлкендердің еншісіндегі жұмысқа балайтын, біздің бала көңіліміз...

... Енді міне, сондағы Наурыз көже жылдар өте келе Наурызнама атанып, мүлде жаңа форматта аталып өте бастады. Көрісуден басталатын осы мерекенің бір күні - қайырымдылық істерімен ерекшеленеді. Яғни, 15 наурыз – Қайырымдылық күні.

Қайырымдылық – көмекке зәру жандарға тек материалдық жағынан ғана көмек көрсету емес, сонымен қатар рухани демеу, қысылған жанның қасынан табылып, қолдау білдіру, мейрімділік таныту. Бұл – баршаны жақсылыққа, адалдыққа, қиындыққа тап болған адамның жағдайына түсіністікпен қарауға тәрбиелейді.

Мұндай ізгілік шекарашыларға да тән қасиет. Бұған мысалды алыстан іздеп жатудың қажеті жоқ. Қарапайым



мысал көрші ауылға кеткен баласын іздеп, бармаған жері, баспаған тауы жоқ ата-ана амалсыз шекарашылардан көмек сұрап келеді. «Амалсыз»... Өйткені, шекараның түбінде тұрған ауылдың халқы «қауіпті тыныштықтың» лебін сезінгендіктен де шекарашылардың қым-ғуыт қызметін терең түсінеді. Сосын да жарға тірелгенде барып, шекарашылардың көмегіне жүгінеді. Есесіне жасыл құнқағарлылар қайырымдылық жасауға келгенде еш тартынған емес. Мұның сыртында осыған дейін елімізді сансыратқан пандемия, су тасқыны кезінде халықпен бірге болды. Қазақстан Президенті ризашылығын білдірген еріктілердің ерлігін қайталады.

Мұның сыртында, шекарашылар балалар үшін назарларынан тыс қалдырған емес. Ауылдағы қамқорлық пен көмек қолына зәру жанұяларды азық-түлік, балаларын тәтті, түрлі жемістермен қуантуға, қажет болса аяқ астынан сенбілік ұйымдастырып жіберуге дайын тұрады. Осылардың барлығы әрбір шекарашының жүрегіне қуаныш ұялатады, тыныштық сыйлайды.

Міне, қайырымдылық жасау – тек рухани парыз ғана емес, бір-бірімізге деген мейіріміміз! Демек, әрбір шекарашының қолымен жасалған қайырымдылық – ізгі іс! Патриоттардың ғана қолынан келетін.

ҚР Журналистер

одағының мүшесі,

әскери журналист

Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».

Сурет ашық ғаламтор

желісінен алынған.



## ҰЛЫ АҚЫН МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасында Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған мәдени іс-шара өтті. Оның шығармашылығы халқымыздың тарихы мен тағдырын, елдің бірлігі мен ерлігін жырлаған құнды мұра.

Шараның басты мақсаты – ұлы ақынның өмір жолы мен шығармашылығын кеңінен таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және әскери қызметшілердің рухани-мәдени дүниетанымын байыту болды.

Кеш барысында көрермендерге Жамбыл Жабаевтың өмірі, шығармашылық жолы және қазақ әдебиетіндегі орны туралы мазмұнды мәліметтер ұсынылды. Ақынның халыққа кеңінен танымал жырлары мен толғаулары оқылып, оның ел бірлігі мен отансүйгіштікке үндейтін шығармалары ерекше атап өтілді.

Ақынның поэзиясы арқылы қазақ халқының рухы, ұлттық болмысы мен мәдени құндылықтары кеңінен насихатталды. Қатысушылар шығармаларынан үзінділер оқып, оның терең мағыналы жырларына тоқталды. Ұлы тұлғаның ел мен жерге деген сүйіспеншілікті, халықтың ерлігі мен бірлігін жырлаған туындылары әскери қызметшілердің рухын көтерді. Бойында отансүйгіштік сезімді арттырды.

Кеш барысында Ж.Жабаевтың шығармашылығы тек әдеби мұра ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани өміріндегі маңызды құндылық екені айтылды. Оның жырлары халықтың қуанышы мен қайғысын, елдің тарихын, батырлық дәстүрін бейнелейтін асыл мұра болып табылады.

Ж.Жабаевтың 180 жылдығына арналған мәдени кеш қатысушыларға ерекше рухани әсер сыйлап, ұлттық мәдениет пен әдеби мұраның маңызын тағы бір мәрте айқындады. Мұндай шаралар жас ұрпақ пен әскери қызметшілердің бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырып, ел тарихы мен мәдениетіне деген құрметті нығайтуға үлкен үлес қосады.

Подполковник  
М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».  
Сурет шекара басқармасынан.

А ЗНАЕТЕ ЛИ ВЫ?

## БОЗЖИРА – ДОСТОПРИМЕЧАТЕЛЬНОСТЬ МАНГИСТАУ

В западной части Мангистауской области, на плато Устюрт, расположено одно из самых необычных природных мест Казахстана – Урочище Бозжира. Этот уголок природы по праву считается визитной карточкой региона.

Бозжира представляет собой гряду меловых скал и останцев, возвышающихся на дне огромного каньона. Наиболее узнаваемые из них – так называемые «клыки», которые встречают путешественников при въезде в урочище. Высота отдельных образований достигает почти 300 метров. Белоснежные обрывы, отвесные стены и просторные плато создают пейзаж, который нередко называют инопланетным.


Однако происхождение этих ландшафтов имеет научное объяснение. Миллионы лет назад территория современного Мангистау находилась под водами древнего океана Тетис. В результате тектонических процессов и постепенного отступления воды сформировались известняковые отложения, которые со временем приобрели причудливые формы под воздействием ветра и осадков. Считается, что реликтами Тетиса сегодня являются такие водоемы, как Каспийское море.

Название «Бозжира» переводят как «серая земля» или «блеклая долина», однако на деле местные пейзажи поражают разнообразием оттенков – от ослепительно белого до мягких кремовых и песочных тонов. В разное время суток скалы меняют цвет, создавая особую атмосферу.

Сегодня Бозжира является популярным направлением внутреннего туризма и объектом особого природного значения. Для жителей и гостей Мангистау это не только живописная достопримечательность, но и наглядное свидетельство древней истории нашей земли.

Капитан  
А.ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».  
Фото из свободного доступа интернета.





қатардағы Сулейменов Асқар Ардакович

*«Алматыда мақыздарыш»*

Қайырлы күн, қадірлі отбасым! Өздеріне деген құшаққа сыйлас сағынышыңды қалаз бетіне түсіріп отырмын. Бұл хатты мүлкін болса, шекарашылар сүйіп оқитын «Отан сақшысы» «Асабой Родины» газетіне жариялауды өси бергім.

Алматыда өте өмеш, қызығымдар?! Қыздарыңыз қалай?! Мендегі жұмыр жұректегі атың қи өздеріңдер. Менде бәрі жақсы, қызметті күндер мен түндер жарысып, тез өтіп өсеп. Ая шеттіккі талы біздің шаңырақтың ейлеп қысып, сақиттар кенеттен кілт тоқтайды. Әскер бұрын санды кезікпеген жөйттармен бет-бет белістіріп, шыңдап жөйттер. Қарулас қатарластарымен қатар барлығы түзел келіссексі некті сөздеріңізді айттыр. Сөзімен бір сәтте өсіп түзеліңізді мейіпән тұтасын.

Бала кезден әскери қызметші болу арманым еді. Сол арманым шекара қызметінде орындалды. Қазір Алматы қаласындағы ҰҚК Шекара академиясына құжаттарыңды ашып тапсырып жөйттыр. Сіздердің қыметтеріңізді ақтауға барыңды сөзітін болдым. Мен әскерге келісі кеп нәрсені үйреніп үзі адым. Сөзіп ер азашот бөдім. Төзімше бөстіктері бізге сабырлық танытуды, еліне оған қызмет етуді үйретті. Өзінің түзім жөрінде шөзімді әскери қызметші еткеріп жөтқан менен өскен бөкіткі оған өскі шығар?! Өскен жөнімі ҰҚК Шекара қызметші бөсіткілі жөрілікті Абай бөсіткілі азашоттары Абай жөрінде Отан адындағы бөрішын өтеуле мүлкіндік бөрілген еді. Сол орайда, сол қыпн бөсіткілі құрауға өз ризашылығыңды жөткіздім келесі. Мөзән жөктелген өдірәлімі міндетті ҰҚК Шекара қызметінде іске асырдым қыпн шын құанымшымын. Сөздің шөтінде, жөсі етінде шақырыш шынықтырған шекарашылар төзілік бөім таныштық тапжышымай тік тұрады.

Сол қатарда мейің жөүрленіш көзіңдеріне мөдет бөсің! Сөзімен жөткіш төзім. Мүлкіндік болса өсіндағы қызықтарды, сөндерге деген сағынышыңды жөт қылып қалаз бетіне түсіруді өдетке айналдырсаң дөзімін. Ая ошондық бөсің! Сол сағысымға бөсіңіздер. Мөкісі күндерде жөсіткілік, мақыздарыш...



OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины  
 ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті  
 Мемшік ісесі:  
 Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі  
 Редакцияның мекенжайы:  
 Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.  
 Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57  
 Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56  
 E-mail: smi\_pogran@mail.ru  
 ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:  
 gov.kz/memleket/entities/shekaraknb  
 Бас редактор: Рахат Нұрғалиев  
 Редактор: Азамат Муханов  
 Жауапты хатшы: Еркін Кайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші:  
 Нұрхан Кабдулов  
 Корректорлар: Өркен Шопашев  
 Нөмірдің кезекші редакторлары:  
 Олжас Жақсылықов, Диас Жамұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.  
 Газетті есепке қою туралы № 1394-г күәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген.  
 "OS-4P" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.